



ШЕШІМ

07.03.2024

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 155/19-VIII

город Астана

Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-1-тармағына, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабына және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 4-тармағына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасын «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының біліктілік талаптарын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 12 сәуірдегі №24/2-VIII шешімінің күші жойылсын.

Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов

Астана қаласы мәслихатының
2024 жылғы 7 наурыздағы
№ 155/19-VIII шешіміне
қосымша

**Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының
«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын
БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ**

**Тексеру комиссиясының төрағасы,
D-1 санаты (№ 1-1) - 1 бірлік**

Біліктілік талаптары	
Білімі	Жоғары оқу орнынан кейінгі немесе жоғары білім: бизнес, басқару және құқық (мемлекеттік және жергілікті басқару, экономика, есеп және аудит, мемлекеттік аудит, қаржы, Құқықтану). Мемлекеттік аудитор сертификатының болуы.
Практикалық тәжірибе	Уәкілетті органның актісімен және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңымен бекітілген «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес.
Функционалдық міндеттері	Тексеру комиссиясына жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына жалпы басшылықты жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады; Тексеру комиссиясының тиісті жылына арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін бекітеді; Тексеру комиссиясы мен Тексеру комиссиясы аппараты мүшелерінің жұмысын ұйымдастырады; бекітілген штат саны мен жергілікті бюджетпен көзделген қаражат шегінде Тексеру комиссиясы аппаратының құрылымын және штат кестесін бекітеді

**Тексеру комиссиясының мүшесі, D-2 санаты
(№ 1-2, № 1-3, № 1-4, № 1-5) – 4 бірліктер**

Біліктілік талаптары	
Білімі	Жоғары оқу орнынан кейінгі немесе жоғары білім: бизнес, басқару және құқық (мемлекеттік және жергілікті басқару, экономика, есеп және аудит, мемлекеттік аудит, қаржы, құқықтану). Мемлекеттік аудитор сертифициланған болуы.
Практикалық тәжірибе	Уәкілетті органның актісімен және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңымен бекітілген «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес.
Функционалдық міндеттері	Тексеру комиссиясының бекітілген жұмыс жоспарына және мемлекеттік аудит объектілерінің Тізбесіне сәйкес аудиторлық, сараптамалық-талдамалық, ақпараттық қызметін ұйымдастыру; аудиторлық іс-шараны өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асыру және жұмыстың бекітілген бағыттары бойынша оның материалдарын іске асыру; аудиторлық қорытынды ұсынымдарының және нұсқамалар тапсырмаларының орындалуына тұрақты және жүйелі негізде мониторингті жүзеге асыру.